



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәлиұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

18.Персидско-русский словарь. –М:Госиздат. Иностраных и национальных словарей, 1953. –С. 395.

19.Ўзбек классик адабиёти асарлари учун қисқача луғот. –Тошкент: ЎзССР ФА нашри, 1953. –Б. 150.

## ЫҢҒАЙЛАСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (М.СЕРҒАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ БОЙЫНША)

*АМАНДЫКОВ О.М.*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты.*

*Қазақстан Астана қ.,*

**Аңдатпа.** Қазақ тілі синтаксисінің логикалық, семантикалық, коммуникативтік, функционалдық аспектілері зерттеулердің жеткізіліксіз екені белгілі. Осындай функционалдық-синтаксистік қатынастардың бірі – ыңғайластық қатынас. Ыңғайластық қатынасты зерттеу функционалдық бақытта болғанда, жаңа нәтижелерге қол жеткізуге болады. М.Серғалиев ыңғайластық қатынасты жеке қарастырмаса да, оның зерттеулерінде ыңғайластық қатынас қамтылады. Ғалымның «Синтаксистік синонимдер» еңбегінің зерттеу бағыты функционалдық бағыт болған. Мақалада ыңғайластық қатынастың жай сөйлем деңгейінде және сөйлем құрмалас сөйлем деңгейіндегі көрінісі қамтылады. Олардың зерттелуі мен берілу жолы көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** ыңғайластық қатынас, сөз тіркестері, синонимия, жай сөйлем, құрмалас сөйлем.

Қазақ тілінің синтаксистік құрылысы құрылымдық тұрғыдан жеткілікті зерттелді десе болады. Алайда синтаксистік құбылыстардың басқа аспектілері, атап айтқанда, логикалық, семантикалық, коммуникативтік, функционалдық аспектілері туралы зерттеулер жеткіліксіз. ХХІ ғасырда қазақ тіл біліміндегі басым тұрғыдан көрініп тұрған функционалдық грамматика дейтін болсақ, мұның өзі синтаксис саласын қамтымай тұрғанын анық байқаймыз. Дегенмен ХХ ғасырдың ІІ жартысында синтаксистік құбылысқа семантика құбылысын семантикалық бағытта зерттеген еңбектер бар екені байқалады. Сондай бірегей зерттеу – профессор М.С.Серғалиевтің «Синтаксистік синонимдері» болды. Ғалым бұл еңбегінде құрылымдық тіл білімінің категориясын, синонимияны, тірек етіп алған. Ал зерттеу жолы функционалдық жол болған [1].

Синтаксистік синонимдердің түзілістерін саралай келе зерттеуші сөз тіркестерінің әр түрінің, сөйлемдердің әр түрінің бір-бірімен мән-мағыналас бола алатынын тілдік мол айғақтармен дәлелдеп берді.

Ғалым **етістікті сөз тіркестері** синонимиясын мынадай түрлерін көрсетеді:

1. Сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері;
2. Әңгіме, сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері;
3. Құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері;
4. Бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері;
5. Бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері;
6. Қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері;
7. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері [1, 88]

Кеністіктік, амалдық, себеп-салдарлық, мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерін де осылайша дәлелдейді.

Дәстүрлі синтаксисте **есімді сөз тіркестерін** анықтауыштық қатынас деп тұтастай қарайды. М.С. Серғалиев мұны функционалдық мағыналарға жіктейді:

1. Арнау мағынасы: *ет үй, етке тіккен үй, жыршыларға бөлінген үй;*
2. Меншік мағынасы мен арнау мағынасының астасуы: *автобус аялдамасы, керосин шам, электр шам;*
3. Заттың белгісін, қасиетін білдіретін тіркестер: *бойы сорайған адам, ұзын бойлы жігіт;*
4. Кеңістік қатынаста: *қырдағы ел, қыр елі;*
5. Мезгілдік қатынаста: *жазғы ауыл, күзгі дауыл [1, 122-123]*

Ал сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері: *Мен әжемді ең бақытты адамдардың бірі санаймын. Мен өзімді бұл жолдаспен ... сырын түйген адамдардың біріне санаймын. Патшалық Россияның шет аймақтарынан саналып келген Орал қаласы ...*

2. Құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері:

*Мейрам әлдекімге ... телефон арқылы әмір етті. ... маған телефонмен хабарламақ болды. Сол жылдары ... әндерін радиодан ... беруші еді.*

3. Бөліну, даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері:

*Абай ағамнан айырылысу... Абай ағаммен айырылысу*

4. Бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері:

*Үй ішімен амандасу Үй ішіне амандасу*

5. Қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері:

*Жүрегіне оқ боп тиген... Жүрегінен тиген оқтай*

6. Тура нысанды білдіретін сөз тіркестері:

*Жаттың атына мінген – жаяу қалады. Атты күнде мінсең – тулақ, аптада мінсең – қунақ [1, 155].*

Ыңғайластық қатынастың жай сөйлем құрамындағы негізгі межесі – бірыңғай мүшелер. Қазақ тіл білімінде бірыңғай мүшелер едәуір зерттелді. Алайда функционалдық ыңғайдың аясында қарастырылуы жеткіліксіз. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін әлі күнге дейін сөз тіркесі деп тану дәстүрі бар.

Қазақ тіл білімінде осы санаттың зерттелуіне келер болсақ, алғаш рет қазақ тіл білімінде сөйлем мүшелері қарастыру А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ол «Тіл – құрал» атты еңбегінде: «Сөйлемдердің құрмаласуы екі түрлі: 1) сыйыса құрмаласу, 2) қиыса құрмаласу. ... Сыйысулы сөйлемдердің белгісі – бірнеше мүшелері бір өңкей болу. ... Сыйысулы сөйлемнің бір өңкей мүшелерінің аралары кіші тыныспен (,) айырылады», - деп жазады [2, 300-301]. Ғалымның бұл қағидаға келтірген тілдік айғақтары (Қарабай мен Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты. Қолға алды татулықты араздықты. Далада, ойда, қырда, орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен.) қазіргі қазақ тілі синтаксисінің теориясы бойынша құрмаласқа емес, бірыңғай мүшелі жай сөйлемге жататыны белгілі.

Ғалым С.Аманжолов өзінің «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» еңбегінде А.Байтұрсынұлының «сыйысу» деген терминін пайдалана отырып, бірыңғай мүшелерге қатысты мынадай ой айтады: «Кейбір сөйлемде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш бірнешеу болады. Мұның ойға, ой толықтығына зор әсері бар. Өйткені бұлардың көп болуы ойдың жан-жағынан көрінуін, айқындалуын қамсыз етеді. Бірақ та бастауыштың бірнеше болуына лайық баяндауышы да бірнешеу болмаса, субъектінің көрінісі онша айқын бола қоймайды. Көп бастауышты сөйлемді әдетте сыйысқан сөйлем дейміз. Өйткені олар істерінің бірыңғайлығымен ғана бір сөйлем болып тұрады. Істері бірыңғай болмаса, әрқайсысы бөлек сөйлем болатыны сөзсіз» [3, 154 ].

Автор барлық сөйлем мүшесі бірыңғайласа алатындығына мысал келтіре отырып, олардың әрбірінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында бірыңғай мүшелердің қарастырылуына тоқталайық. 1954 жылғы Грамматикада бірыңғай мүшелердің жалпы қағидалары, қолданылу ерекшеліктері, байланысы туралы тұжырымдалады. Бірыңғай мүшелі сөйлемге берілген сипаттама қазіргі анықтамалардан басқаша. Қараңыз: «... бір сөйлем мүшесі тізбектеліп келіп басқа мүшеге қатысты болу арқылы сөйлем ықшамдалып айтылады. Оның бір мүшесіне қатысты сөздер сараланып саналу арқылы оның іргесі кеңіп, ой дәлдене, айқындала түседі. Ондай сөйлемді бірыңғай мүшелі сөйлем дейміз» [3, 478]. Осы Грамматикадан атап көрсетерлік жайт сол, «Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысады да, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады. ... Бірыңғай мүшелерді салаластыра байланыстыратын амалдар – интонация, не интонация мен жалғаулықтар» [4, 480]. Мұны функционалдық тұрғыдағы ыңғайластық қатынастың көрсеткіші десек болады.

1967 жылғы Грамматикада бірыңғай мүшелер туралы жазылған жайттар қазіргі кезеңге дейін құрылымдық-семантикалық синтаксистің жетістіктерін көрсетеді. Демек, нормативтік қағидалар толық қамтылған [5].

2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» бірыңғай мүшелердің бұрынға Грамматикаларды көрсетілген жайттары нығайтылған: олардың тұлғалас болып келетіні; өзара салаласа, бірімен-бірі тең байланысатыны; бірінен кейін бірі тізбектеле, араларына басқа мүшелі сөз түспей әрқайсысы дербес интонациялы кідіріспен қолданылатыны, сонысымен басқа мүшелерден ерекшеленіп өзара бір топқа бірігетіні көрсетілген [6, 661]. Ал бірыңғай мүшелер болып есептелмейтін бірақ бір сұрауға жауап беріп, бірдей қызмет атқарып, бір мүшеге ортақтаса байланысатын мүшелер туралы айтылмайды. Демек, 2002 жылғы Грамматика нәтижелері әлі де толықтыруды қажет етеді.

Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районы, Тіл-жазу комитеті құрастырған «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде Қазақстандағы Грамматикалардың нәтижелері пайдаланылған [7, 433].

Бұл санаттың қазіргідей неше алуан түрі бір уақытта қалыптаспағаны, тілдің өзіндік даму заңдылықтарына қарай біртіндеп дамып отырғаны белгілі. Бірыңғай мүшелердің одан әрі дамып, жиі қолданыс табуына ХҮ-ХҮІІІ ғғ. қазақ жазбаларының тілі дәлел бола алады. Сол дәуірдегі жазбалардың синтаксисін зерттеген ғалым Т.Р.Қордабаев «Тарихи синтаксис мәселелері» еңбегінде «Жамиғат Тауарих» пен «Шежіре түріктің» синтаксистік құрылысына тоқтала келіп, онда барлық сөйлем мүшелерінің бірыңғай мүше бола алатынын, көбіне зат есімдер сөйлемде бірыңғай бастауыш болып келетінін айтады.

Т.Р.Қордабаев: «Сөйлем мүшелерінің көпшілігі, әсіресе, бастауыш, толықтауыш, мекен пысықтауыш, бұлардан гөрі сирегірек баяндауыш пен анықтауыш мүшелер бірыңғай түрде кездеседі. Барлық түрі дерлік негізінде, жалғаулықтар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз іргелес айтылатын бірыңғай мүше өте сирек ұшырайды» [8, 120].

Әрине, ескі жазбалар тілінде сөйлемдер қазіргідей күрделенбей, жеке-жеке сөйлем күйінде беріледі. Қарапайым халық тілінде де сөйлемдерді құрмаластырып емес, жай сөйлем күйінде қолдану жиі кездеседі. Бұл жағдайды Н.Т.Сауранбаев «Заман өткен сайын адам баласының қоғамдық, шаруашылық, мәдени тұрмысының бір басқыштан екінші басқышқа көшіп отыруына байланысты тілдің синтаксистік құрылысы да бірте-бірте дамып отырады. Неғұрлым қоғамның алыс уақыттағы дәуірлеріне терең бойлай берсек, тілдің құрылысының да соншалық жабайы болатынын көреміз. Сол сияқты неғұрлым осы заманға жақындаған сайын тіл құрылысының қиындығын, жаңаланғанын көреміз» деп түсіндіреді [3].

О.Сапашев: «Көне түркі тілінде ешбір жалғаулықсыз салаласа байланысқан сөйлемдер жиі ұшырасады. Сөздердің осылайша салаласа байланысуы сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қалыптастырады» деп тұжырымдайды [9, 23].

Ғалым М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде бірыңғай мүшелердің нормативті заңдылықтарын кеңінен тұжырымдаған [10, 195-196]

Алайда кей жағдайда бірыңғай мүшелердің әр мүшесіне қосымшалардың жалғануы да кездеседі. Ғалым Р.Сыздық қосымшалардың әр бірыңғай мүше сайын қайталанып жалғануын жеке-жеке ой екпінін түсіру түсіру мақсатында қолданылатынын атап көрсетеді. Мысалы:

Көше бойынан Ардақтың, Саматтың, Жанеркенің дауыстары естіледі.

Ол осы өлкенің әрбір тасын, әрбір шұңқырын, әрбір қырын жатқа біледі [11, 187].

Ғалым М.Балақаев «бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтар салаластырушы жалғаулықтар делінеді» дей келе, олардың бірқатарының шығу тарихы туралы сөз қозғайды. Ол осы салаластырушы жалғаулықтардың тек қана құрмалас салаластарды ғана емес, кейде сабақтас сөйлемдерді де байланыстыру қызметі болатынын атап көрсетіп, оларды мынадай мағыналық бопқа бөледі:

- 1) ыңғайластық;
- 2) қарсылықты;
- 3) талғаулықты [10, 198-200].

Бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтардың табиғатын жан-жақсы қарастырған Р.Әміров те жалғаулықтарды дәл осылай топтайды [12, 176].

1981 жылы М.Х.Шаяхметова «Қазақ көркем әдебиет тіліндегі бірыңғай мүшелердің стилистикалық-синтаксистік қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Еңбекте ғалым бірыңғай мүшелердің даму тарихына тоқталып, «бірыңғай мүшелі сөйлемдер – айнала, төңіректегі зат, көріністі, құбылысты саралап, санамалап толық та дәл жеткізудің стилистикалық амалы» деп көрсетеді. Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінде бірыңғай мүшелердің мынадай синтаксистік бергілерімен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді:

- 1) Сөйлемнің бірыңғай мүшелері өзара салаласа, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады. Оларды салаластыра байланыстыратын амалдар – интонация не интонация және жалғаулықтар;
- 2) Сөйлемде олардың әрқайсысы бірдей синтаксистік қызмет атқарады; көбіне мағыналары жуық болып келеді;
- 3) Барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұрады;
- 4) Бірыңғайлар бір сөз табынан жасалып, көбінесе тұлғалас болып келеді. [13, 15]

2002 жылғы «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» еңбегінде сабақтаса байланысқан сөз тіркесімен қатар, салаласа байланысқан сөз тіркесі қарастырылады. Оған «ақылды да сүйкімді», «кітап және дәптер» сынды мысалдар келтіріледі.

Осы бағытты қолдайтын ғалымдардың бірі Бекен Сағындықұлы өзінің «Тілдік бірліктердің паратаксистік қызметі: трансформ жүйесі мен апперцепция құбылысы» атты монографиясында сөйлем ішінде кездесетін бір сөздер тобы өзара тығыз байланысқан күйінде басқа бір сөздер тобымен тіркесімге түсетіндігін, оның құрамындағы сөздер жеке-дара мағынаға ие болса да, аралық байланысы берік, бөлшектеуге келмейтін тіркестерді «салаласа байланысқан сөз тіркесімдері» деп атайды. Ғалымның пікірінше, «тілдегі мысалдық деректер салаласа байланысқан сөз тіркесімдерінің жалғаулық шылаудың әр алуан топтарымен келіп, түрлі грамматикалық қатынасты білдіретін көрсетеді» [14, 84].

Ғалым «салаласа байланысқан сөз тіркесімдерінің грамматикалық қатынастары тілдегі салыстырғыш, ішінара сабақтастырғыш жалғаулықтар нәтижесінен шешіледі» дей келе, жеке сөзтұлғалар мынадай қатынас түрлері бойынша салаласа байланысатын атап көрсетеді:

1. Ыңғайластық қатынас. Мысалы: *Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Екінші дос пен қасты сараптамайсың.*
2. Кезектес немесе талғау мәнді қатынас. Мысалы: *Бүгін бе, ертең бе, тұтас па, біртіндеп пе ... қалай бару керек?*
3. Қарсылықты мәнді қатынас. Мысалы: *Манас тағы да ақырын дауыспен, бірақ зілді, ызғарлы үнмен бұйрық етті.*

Ғалым өз ойын жоғарыда аталған «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» еңбегіне сілтеме жасай отыра, «қазіргі қазақ тілінде (әрине, тіліміздің тарихында да) салаласа байланысқан сөздердің тіркесімі болатындығына күмән болмаса керек» деп түйіндейді [6, 87].

Алайда бұл пікірді лингвист ғалымдардың бәрі қолдай бермейді. Якут тілін зерттеуші ғалым Е.И.Убрятова: «Сөз тіркесіндегі сөздер тек сабақтаса байланысады, салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмейді. Олар жай сөйлем синтаксисінде қаралуы тиіс», - деп қорытады [15, 69].

Осы пікірді қолдайтын әзірбайжан ғалымы С.Е.Кязимова да синтаксистік бірыңғайлықты сөз тіркесінен айырып тану қажеттігін айтады [16].

Біздің ойымызша да, сөз тіркесі мен сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасында үлкен семантикалық және синтаксистік айыршалық бар. Демек, сөйлемнің бірыңғай мүшелері сөйлем ішінде пайда болады, оны сөйлемнен тыс сөз тіркесі ретінде қарастыру дұрыс емес деп санаймыз. Өйткені «салалас сөз тіркесі» деп атап отырғанымыз, шын мәнінде, тіркес емес, тізбек болып шығады. Мұны олардың арасындағы кідірісті интонация, бәрінің жарыса келе бір ғана мүшеге бағыныпқы болатыны дәлелдей түседі.

Бұл шолудан түйетініміз сол, бірыңғай мүшелерді және сөйлем құрамындағы соларға ұқсас бірліктерді ыңғайластық қатынастың парадигмасы ретінде зерттеу функционалдық грамматикаға өзіндік бір үлес болып қосыла алады.

Ыңғайластық қатынасты құрмалас сөйлем деңгейінде қарастырғанда құрмаластың мезгілдес-ыңғайлас түрлері сөйлемдегі ыңғайластық қатынасың ядросы болып табылады. Қазақ тіл білімінде ыңғайлас салалас пен мезгілдес салаласты бөлу кезінде түрлі пікірлер бар. Солардың бірі Қ.Шәукенұлы «Ыңғайлас салалас болу үшін басым бағыт – етістік баяндауыштар білдіретін істің, амалдың жалғастығы емес, біртектестігі», - дейді де, оған мынадай мысал келтіреді: *Үріккен қойдай шоғырын жазбай шапқан солдат бөлек кетті де, қара көк аттың үстіндегі Абылаев пен қасқа айғырлы Бақы бір бөлек кетті.* Ғалымның пайымдауынша, «бұл сөйлемдерде мезгілдестік емес, ыңғайластық айқын. Ыңғайлас салалас сөйлемнің жасалуында оның компоненттері баяндауыштарының шағы, жағы жағынан біртектес лексико-семантикалық байланыстығы жоқтығы» деп қорытындылайды. Ғалым мезгілдес деп беріліп жүрген сөйлемдерді ыңғайлас салалас деп атайды. Мезгілдес салалас ішінде ыңғайлас қатынасқа жататын екі құрал бар. Біреуі баяндауышы есім сөзден жасалып, бірыңғайлықты білдіретін сөздер, екіншісі мезгілдестікті білдіретін сөздер

Ыңғайлас салалас сөйлемнің оқығаның, қимылдың іске асу уақытымен байланысты екені белгілі. Кейбір авторлардың салаластың бұл түріне мезгіл сөзін қатыстыра айтуы да тегін емес. Мәселен, профессор Н.Сауранбаев бірде мезгілдес, бірде ыңғайлас деген терминдерді қолданады: «Мезгілдесіп салаласқан жай сөйлемдердің арасы да, де, және жалғаулықтары арқылы байланысады [3, 528] немесе «Жай сөйлемдерді ыңғайластырып құрмаластыруға еді, екен көмекші етістіктерінің әсері болады. Профессор Т.Қордабаев мезгілдес деген атауды ұсынады.

Ал М.Серғалиев «дұрысында, мезгіл деген сөзді араластырмай, ыңғайлас дегенді тұрақтандырған жөн болар еді» дейді. Ғалым ыңғайлас құрмалас сөйлемдерді мезгілдестерден бөлек қарайды [1]. Бұл жіктеу зерттеудің функционалдық бағытта болғанын аңғартады.

Алайда функционалдық грамматика тұрғысынан ыңғайлас қатынастың құрмалас сөйлем деңгейіндегі мағынасы ретінде талғаулықты, кезектес түрлерін де қарастыруды қажет етеді. Мына тәрізді сөйлемдер ыңғайластық қатынастың шеткергі мүшелері бола алады: *Не сен келесің, не мен кетемін. Далада біресе жаңбыр жауады, біресе қар жауады (М.Қ).* Бұлар қазіргі грамматикамызда кезектес, талғаулықты салалас құрмаластар болып қарастырылады. Мұндағы сөйлемнің грамматикалық мағынасына қарасақ, бірінші сөйлемде екі әрекеттің бірі ғана



орындалатын, екінші сөйлемде іс-әрекеттің кезектес орындалатын байқауға болады. Бұл ретте осы сөйлемдердің құрастырушы сыңарларының арасындағы қатынас қандай болатынына назар аударған жөн. Сөйлемдер арасында ыңғайлас қатынас бар. Оған форма да ықпал етеді, сыңарларының жасалу жолдары бірдей болады, құрылымдық жағынан теңдес болмаса да шамалас (изоқұрылымды) болып келеді. Демек, бұл талғаулы және кезектес салаластардан да ыңғайластықтың өлшемдерін, межелерін көре аламыз.

Кезектес салалас пен талғаулықты салаласты жасайтын негізгі тәсіл – жалғаулықтардың өзі бірыңғай мүшелерді де байланыстыратын құралдар. Демек әр деңгейден деңгейге ауыстыру тұрғысынан қарастырсақ, бұлардың ыңғайластық шеңберінде екенін тағы да айқындай түсеміз. Осылайша, салалас құрмаластың бұл түрлері ыңғайластық қатынас шеңберінде қарастырылып, олар қатынастың шеткергі мүшелеріне жатады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінде ыңғайлас мүшелер біршама зерттелген. Алайда функционалдық бағыттағы зерттеулер арқылы жаға нәтижелерге қол жеткізуге болады. М.Серғалиев ыңғайлас қатынасқа жеке тоқталғанымен, оның еңбектерінде ыңғайластық қатынас қамтылған. Еңбектерінде ғылыми талдау функционалдық бағытта болғанын да аңғаруға болады. Сондай-ақ, қазіргі зерттеулер ғалымның ойын одан әрі дамытып, ыңғайластық қатынасқа басқаша қарауға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Серғалиев, М. С. Синтаксистік синонимдер: оқулық / М. С. Серғалиев. – Алматы: Мектеп, 1981. – 200 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен мен түрлері. III тілтанытқыш кітап. // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 263-321.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы (оқулық). – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
4. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1954.
5. Қазақ тілі грамматикасы. II. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
7. Қазіргі қазақ тілі. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2002. – 525 б.
8. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. – 247 б.
9. Сапашев О. Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері: фил. ғыл. канд. ... афтореф. – Алматы, 1995. – 25 б.
10. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2006. – 327 б.
11. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: 1997. – 224 б.
12. Әміров Р. Әмірва Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983. – 168 б.
13. Шаяхметова М.Х. Қазақ көркем әдебиет тіліндегі бірыңғай мүшелердің стилистикалық-синтаксистік қызметі: фил. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1981. – 102 б.
14. Сағындықұлы Б. Тілдік бірліктердің паратаксистік қызметі: трансформ жүйесі мен апперцепция құбылысы. – Алматы: Қазақ тілі, 2015. – 192 б.
15. Убрятова Е.И. Исследование по синтаксису якутского языка. М-Л: Изд-во АН СССР, 1950. – 305 с.
16. Кязимова С.Е. Расширение простого однородными членами в современном азербайджанском языке: дисс... канд.фил.наук – Баку, 1984. – 234 с.